

ҚР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ
С.Д.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ



ҚР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ С.Д.
АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ

Тақырыбы: Этика түрлері

Тексерген: Бидасова Г.К.

Орындаған: Бектұрсын М.М.

Факультет: Фармация

Курс: 3

Алматы 2014 ж.

Фармацевтикалық этика

- ◎ *Фармацевтикалық этика* – ол фармацевтикалық қызметкерлердің өз қызметін атқаруда қоғаммен, науқаспен, әріптестерімен, өзге топ адамдарымен (медициналық қызметкерлер, тексеруші орган қызметкерлері және т.б.) қарым-қатынасында ұстанатын өнегелі мінез-құлқының формальды емес нормасының жиынтығы.

Ресей фармацевтінің ЭТИКАЛЫҚ КОДЕКСІ

- Ресей фармацевтикалық ассоциациясы 1995 жылы Ресей фармацевтінің этикалық кодексін қабылдады. Кодекс 12 баптан тұрады және онда фармацевтикалық қызметкерлердің кәсіби қызметінің басты мақсаты, шарттары және ұстанымдары сипатталған, солардың негізгісі мыналар:

- ◎ әрбір адамның жынысына, жасына, нәсіліне, ұлттық тегіне, әлеуметтік мәртебесіне, діни және саяси сеніміне қарамастан оның өмірін қорғау және кәсіби парызы мен этикасының талаптарына сай қызмет атқару;
- ◎ кәсіби деңгейін жоғары ұстау;
- ◎ аурулар мен дәрігерлерді дәрілердің құндылығы туралы хабардар ету, дәрілік көмектің сапасына жауап беру;
- ◎ кәсіби тәуелсіздігі;
- ◎ дәрілік заттарды таңдауда, тағайындауда және қолдануда көмек көрсету;
- ◎ әріптестермен жақсы қарым-қатынаста болу;
- ◎ мамандыққа баулыған ұстаздарға құрмет көрсету, алғыс білдіру;
- ◎ фармацевтикалық қоғамдастықтың бірігуі;
- ◎ таңдаған мамандығы бойынша алған білімі мен қызметтік жағдайларында сәйкессіздіктің туындауы;

«Фармацевт 7 Жұлдызша»

- ◎ денсаулық сақтау жүйесінің қызметкері, команда мүшесі;
- ◎ жауапты шешімді қабылдауға қабілетті;
- ◎ дәрігер мен науқас арасындағы қарым-қатынасты байланыстырушы, коммуникация бойынша маман;
- ◎ қоғам мақсаты үшін көшбасшылық көрсетуге дайын;
- ◎ ресурстар (игіліктер) мен ақпараттарды басқаруға қабілетті жетекші;
- ◎ өмір бойы ізденуге, білім алуға дайын;
- ◎ жас фармацевтер (провизорлар) дайындауда тәлімгер, жетекші;

2008ж. «ҚР медицина және фармацевтика қызметкерлерінің беделі туралы кодексі» жасалды.

- ◎ Фармацевтикалық және медициналық қызметкерлерінің беделі туралы Кодексінің 177 бабы.
- ◎ 1. ҚР медициналық және фармацевтикалық қызметкерлерінің беделі туралы кодексі (әрі қарай- бедел Кодексі) қоғам және азаматтар алдында көрсететін қызметтері үшін медициналық және фармацевтикалық қызметкерлердің жауапкершілігін анықтайды;

○ Медициналық және фармацевтикалық қызметкерлер өз қызметтерінде мыналарды жетекшілікке алуы керек:

- осы ҚР-ның бедел туралы Кодексін жетекшілікке ала отырып, қызметті атқару;
- ҚР азаматтарының денсаулығын нығайтуда ат салысу;
- науқасқа зиян келтірмейтін шешімді қабылдау;
- ҚР медициналық-фармацевтикалық қызметкерінің атағына нұқсан келтіретін іс-әрекеттерді жасамау;
- өзінің қызметтік міндеттерін адал және сапалы түрде орындау;
- кәсіби білімін үнемі жетілдіру, нығайту;
- өз пайдасын ойлап, емдеу мен алдын- алудың әдістерін, дәрілік заттарын жарнамалауды және қолдануды болдырмау;
- еңбек ету ережелерін қатаң сақтау;
- денсаулық сақтау ұйымының мүліктерін ұқыпты және тиімді қолдану;
- жемқорлыққа қарсы тұру;
- жеке басының мақсаты мен пайдасы үшін қызметтік ақпараттарды қолданбау;
- ұжымда оңтайлы және тұрақты өнегелі-психологиялық жағдайлардың қалыптасуына үлгі көрсету;
- өзге медициналық қызметкерлер тарапынан кодекс нормаларының бұзылуына жол бермеу;
- кәсіби міндетін атқаруда бекітілген киім-үлгісін ұстану қажет;

- ◎ Медицина және фармацевтика қызметкерінің науқаспен қатынасындағы міндеттері:
- ◎ адам құқығын, беделін, ерекшелігін оның жасына, жынысына, ұлтына, діни сеніміне, азаматтығына, шығу тегіне, әлеуметтік жағдайына, шеніне қарамастан сыйлау, құрметтеу;
- ◎ медициналық көмекті бәріне бірдей көрсету;
- ◎ адам өмірін сақтауда өзінің парызын үнемі сезіну;
- ◎ мемлекет пен денсаулық сақтау жүйесіне азаматтардың сенімін арттыру;
- ◎ әріптестері мен өз арасында науқастарды қаржы және өзге де жағынан тонауға жол бермеу;
- ◎ қоғам тарапынан өзінің әрекетіне сын айтуға жол бермеу, төзімділік көрсету, өзінің кемшілігін конструктивті сынмен қарау және түзету, өзінің кәсіби әрекетін жақсарту;

Медициналық және фармацевтикалық қызметкерлердің әріптестермен қатынасындағы міндеттері:

- ◎ бірыңғай қабылданған өнегелі-этика нормасын ұстану, мейірімді, әдепті болу;
- ◎ науқастар қажеттілігін қанағаттандыру үшін, керек жағдайда әріптестермен де кеңесу;
- ◎ басқа медициналық қызметкердің кәсіби мамандығына жария түрде күдік келтірмеу;
- ◎ Қазақстан медицинасының жетістігіне үлес қосу;

- 3. Осы бедел кодексін сақтау медицина және фармацевтика қызметкерлерінің кәсіби парызы болып табылады.
- 4. Осы бедел кодексіндегі талаптарды орындамаған медициналық және фармацевтикалық қызметкер денсаулық сақтау ұйымының мүшелері мен жетекшісінің шешімі бойынша жауап береді.
- 5. Денсаулық сақтау ұйымының жетекшісі осы бедел кодексінің мәтіндерін үгіт насихат түрінде таратады.

ДЕОНТОЛОГИЯ

- *Деонтология* - өнегелік талаптарын жазылымдар түрінде білдіретін, парыз мәселелерін қарастыратын ғылым.
- *фармацевтикалық деонтология* – фармацевт парызы және олардың кәсіби міндеттеріне қатынасы туралы ғылым
- Фармацевтикалық деонтологияның өзіндік бағыты бар және оны мынадай қарым-қатынаста енгізді: 1) фармацевт қоғаммен; 2) фармацевт дәрігермен; 3) фармацевт науқаспен;
- 4) фармацевт фармацевтпен;

- ◎ Фармацевтикалық деонтологияның негізгі категорияларына мыналар жатады: парызы, міндеті, жауапкершілігі, ұятының болуы, рақымшылық (сострадание), біреуді уайымдау, жан ашу, жақсылық тілеу, қайырымдылық т.б.

- ◎ Парыздар әртүрлі болады және соған сәйкес міндет деңгейлері де болады.
- ◎ *Бірінші деңгейі* – халық, мемлекет алдындағы парыз.
- ◎ *Екінші деңгейі* - өз мамандығы алдындағы парызы. Бұл еңбектің әлеуметтік маңызының болуы, сондай-ақ әртүрлі бұйрықтарды, нұсқауларды орындамай дәріханадан рецептсіз, дәрігердің тағайындауынсыз дәрілерді босатуға, рецептегі ингредиенттердің мөлшерін (дозасы) өзгертуге, дәрілер технологиясын өзгертуге және т.б. жол бермеу.
- ◎ *Үшінші деңгейі* – провизор –науқас арасындағы қатынаста орындалатын міндеттері.
- ◎ *Төртінші деңгейі* – фармацевт-дәрігер, фармацевт-фармацевт (фармацевт - инспектор- дәріхана басшысы арасындағы қатынас) және фармацевттің өз әріптестері арасындағы қатынаста орындалатын міндеттері.